

Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 45 толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 191 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1497.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 375 P010375_ " Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне 2001 жылғы көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы" және 2001 жылғы 10 сәуірдегі N 485 P010485_ "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаржы бөлу туралы" қаулыларына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "Бірыңғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" бұйрығына келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

"10.1.257.33 Өсімдік шаруашылығында тұқымдық репродукторларды қолдау" деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолмен толықтырылсын:

"10.1.257.34 Тұқымдық астық сатып алу бойынша ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қолдау";

"10.1.257.82 Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді несиелендіру"

деген жолдан кейін мынадай редакциядағы жолмен толықтырылсын:

"10.1.257.83 2001 жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді несиелендіру".

2. Заң қызметі (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет (Б. Сұлтанов) департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Икебаева А.Ж.
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК